

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы шекараға іргелес облыстарда ауыл шаруашылығы жұмыстарымен айналысатын еңбекші-көшіп келушілердің еңбек қызметі және оларды әлеуметтік қорғау туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 16 қаңтар N 29

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2002 жылғы 9 шілдеде Бішкек қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы шекараға іргелес облыстарда ауыл шаруашылығы жұмыстарымен айналысатын еңбекші-көшіп келушілердің еңбек қызметі және оларды әлеуметтік қорғау туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы шекараға іргелес облыстарда ауыл шаруашылығы жұмыстарымен айналысатын еңбекші-көшіп келушілердің еңбек қызметі және оларды әлеуметтік қорғау туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі

1997 жылы 8 сәуірде Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының арасындағы Мәңгілік достық туралы шарттың қағидаттарын , Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы Мемлекеттер басшыларының 1998 жылғы 28 сәуірдегі "Қарапайым адамдарға қарай бағытталған қарапайым он қадам" мәлімдемесін басшылыққа ала отырып ,

Тараптардың халықтың еңбек көші-қоны процестерін реттеу және еңбекші-көшіп келушілерді әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастығы үшін құқықтық негізді камтамасыз етуге ұмтыла отырып ,

1994 жылы 15 сәуірде Мәскеу қаласында қол қойылған Еңбек көші-қоны және көшуші еңбекшілерді әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің ережелеріне сүйене отырып ,

еңбекші-көшіп келушілердің Тараптар мемлекеттерінің шекараға іргелес облыстарында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін оңайлатылған тәртіп ұсыну мақсатында ,

Тараптар мемлекеттері азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуді басым міндет деп есептей отырып, заңсыз көші-қонның алдын алу және жолын кесу жөніндегі ынтымақтастықты Тараптар мемлекеттері аумағында көші-қон процестерін реттеудің маңызды бағыты деп қ а р а й о т ы р ы п , төмендегі туралы келісті:

## **1-бап**

Осы Келісімде пайдаланылатын негізгі ұғымдар мен терминдер:

"шекараға іргелес облыстарда ауыл шаруашылығы жұмыстарымен айналысатын еңбекші-көшіп келуші" - Тараптар мемлекеттері бірінің азаматы болып табылатын, Кету тарабы мемлекетінің аумағында тұрақты тұратын және заңды негізде Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің шекараға іргелес облыстарында ауыл шаруашылығы жұмыстарымен айналысатын адам (бұдан әрі - еңбеккер);

"жұмыс беруші (жалдаушы)" - Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінде еңбек шарты жағдайларымен жұмыс ұсынушы заңды немесе жеке тұлға;

"Кету тарабы мемлекеті" - аумағында еңбеккерлер тұрақты тұратын және оның аумағынан басқа мемлекетке ақылы жұмыс алу ниетімен көшетін мемлекет;

"Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекеті" - аумағында еңбеккер еңбек шарты (келісім-шарт) жағдайларымен еңбек қызметін жүзеге асыратын мемлекет;

"Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің шекараға іргелес облыстары" - Тараптар мемлекеттері арасында белгіленген мемлекеттік шекараға Тараптар мемлекеттерінің тікелей жанасып жатқан облыстары;

Қазақстан Республикасының Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары ;

Қырғыз Республикасының Шу, Ыстық көл және Талас облыстары;

"еңбек жағдайлары" - еңбекке ақы төлеу, еңбекті қорғау және нормалау жағдайлары , жұмыс тәртібі, техникалық, санитарлық, гигиеналық, өндірістік-тұрмыстық жағдайлар , сондай-ақ еңбек шартының (келісім-шартының) өзге де жағдайлары;

"еңбек жағдайларының елеулі өзгеруі" - бұл еңбек жағдайының (жеңілдіктердің, еңбекақы мөлшерінің азаюы, қызметінің өзгеруі, белгіленген жұмыс уақытының өзгеруі) өзгеруі, оның нәтижесінде еңбеккер жағдайының ол жұмыс істеген кездегі жағдайлармен салыстырғанда өзгеруі;

"еңбек шарты (келісім-шарт)" - еңбеккер мен жұмыс беруші (жалдаушы) арасында жазбаша түрде жасалатын екі жақты келісім, ол бойынша еңбеккер белгілі бір мамандық, білік немесе лауазым бойынша ішкі еңбек тәртібіне бағына отырып жұмыс істеуге міндеттенеді, ал жұмыс беруші (жалдаушы) еңбеккерге жалақыны және Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің заңнамасында көзделген өзге де ақшалай төлемдерді уақтылы әрі толық көлемде төлеуге, еңбек туралы заңнамада көзделген еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

## **2-бап**

Осы Келісімнің күші Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің шекараға іргелес облыстарында еңбек қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы азаматтарына қолданылады.

## **3-бап**

Тараптар тиісті жылдың 1 ақпанынан кешікпейтін мерзімде өзара келісім бойынша Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіппен Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің шекараға іргелес облыстарында күнтізбелік жылда ауыл шаруашылығы жұмыстарында еңбек қызметін жүзеге асыратын еңбекші-көшіп келушілер үшін квота белгілейді.

## **4-бап**

1. Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің аумағында еңбекші-көшіп келушілердің келу-кету, тұру және еңбек қызметін жүзеге асыру тәртібі Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің заңнамасымен, сондай-ақ Тараптар мемлекеттері бекіткен халықаралық шарттармен реттеледі.

2. Еңбекші-көшіп келуші Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің заңнамасын бұзған жағдайларда Тараптар еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтатуды және оның Кету тарабы мемлекетіне қайтуын талап ете алады.

## **5-бап**

1. Еңбекші-көшіп келушілердің Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің аумағындағы еңбек қызметі Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда берілетін шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсат құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

2. Еңбекші-көшіп келушілер мен жұмыс берушілер (жалдаушылар) арасындағы еңбек қатынастары Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шартымен (келісім-шартпен) ресімделеді.

## **6-бап**

Еңбек шартында (келісім-шартта) міндетті мәліметтер мен шарттар ретінде мыналар болуға тиіс:

- 1) шарт (келісім-шарт) жасалған күні мен орны;
- 2) еңбеккердің тегі, аты, әкесінің аты және жұмыс берушінің (жалдаушының) атауы;
- 3) жұмыс берушінің (жалдаушының) орналасқан жері (тіркелген, тұратын жері);
- 4) жұмыс істелуге тиісті орын (орындар);
- 5) еңбек функциясы (тиісті біліктіліктегі бір немесе бірнеше кәсіптер, мамандықтар, лауазымдар);
- 6) еңбек шартының (келісім-шарттың) қолданылу мерзімі;
- 7) жұмыстың тәртібі мен жағдайы;
- 8) еңбекақының мөлшері мен нысаны, оның төленетін орны мен уақыты;

9) еңбек шартын (келісім-шартты) бұзу жағдайлары;  
10) тараптардың қолдары.

Еңбек шартында (келісім-шартта) көзделген еңбек жағдайлары азаматтарға Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің заңнамасына сәйкес ұсынылатын жағдайлардан төмен болмауы тиіс.

Кәсіпорынның (мекеменің, ұйымның) таратылуына немесе қайта құрылуына, қызметкерлер саны немесе штат қысқаруына, еңбек жағдайларының едәуір өзгеруіне байланысты еңбек шарты (келісім-шарт) бұзылған жағдайда Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің заңнамасына сәйкес көрсетілген негіздер бойынша босаған қызметкерлер үшін көзделген жеңілдіктер мен өтемдер еңбекші-көшіп келушілерге қолданылады. Бұл жағдайда еңбекші-көшіп келуші Кету тарабы мемлекетіндегі тұрақты тұратын жеріне жұмыс беруші (жалдаушы) қаражаты есебінен қайтарылуға тиіс.

### **7-бап**

1. Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін еңбекші-көшіп келушінің АҚТҚ-ға зерттеуден өткен халықаралық үлгідегі медициналық анықтамасы болуы тиіс.

2. Еңбек қызметін Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің жұмыс берушісімен (жалдаушысымен) еңбек шарты (келісім-шарт) жағдайларымен жүзеге асырушы еңбекші-көшіп келушілерге медициналық жедел жәрдем көрсету Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің аумағында еңбекші-көшіп келушілерге жоспарлы медициналық жедел жәрдем жұмыс берушінің (жалдаушының) қаражаты есебінен еңбек шартында (келісім-шартта) көзделген тәртіп пен көлемде не азаматтардың жеке қаражаты есебінен, егер өзгесі Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің заңнамасымен көзделмеген болса, жүзеге асырылады.

4. Еңбекші-көшіп келушілердің еңбек қызметі процесінде тапқан кәсіптік ауруларын немесе алған жарақаттарын емдеуге ақы төлеуді Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда жұмыс беруші (жалдаушы) жүзеге асырады.

### **8-бап**

1. Осы Келісім Тараптары мемлекеттерінің әрқайсысы білім және (немесе) біліктілік деңгейі (сатысы) туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды (куәліктер, аттестаттар мен дипломдар), еңбек және кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін қажетті атақ, разряд пен біліктілік берілгені туралы басқа да құжаттарды, сондай-ақ мамандығы бойынша жеңілдік негіздегі өтілін қоса алғанда, еңбек өтілін таниды (заңдастырусыз).

2. Еңбек қатынастарын тоқтатқан және еңбек шартын (келісім-шартты) бұзған кезде жұмыс беруші (жалдаушы) еңбекші-көшіп келушіге жұмысының ұзақтығы мен ай сайынғы жалақысы туралы мәліметтер бар құжат береді.

## **9-бап**

Еңбекші-көшіп келушілердің еңбек табыстарына салық салу Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің заңнамасында белгіленген тәртіп пен мөлшерде жүзеге асырылады. Тараптар еңбекші-көшіп келушілер тапқан қаражатқа қосарланған салық салынуына жол бермейді.

Еңбекші-көшіп келушілерге салық салу мәселелері Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасының арасындағы табысқа қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен капитал салықтарына қатысты салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы 1997 жылғы 8 сәуірдегі келісіммен реттеледі.

## **10-бап**

Тараптар өз мемлекетінің аумағында еңбекші-көшіп келушілер мен олардың отбасы мүшелерін лауазымды адамдар тарапынан да, жеке адамдар, топтар, қоғамдық бірлестіктер мен басқа да ұйымдар тарапынан да күш көрсету, қоқан-лоққы нысандарында іс-әрекеттерден, сондай-ақ жынысы, нәсілі, тілі, дінге қатыстылығы, сенімі, саяси көзқарасы, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік тегі, экономикалық, мүліктік және отбасылық жағдайы белгісі бойынша өзге де іс-әрекеттерден қорғауды Тараптар мемлекеттері заңнамасына сәйкес қамтамасыз етеді.

## **11-бап**

Еңбекші-көшіп келушілердің Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің заңнамасына сәйкес ақша қаражаттарын қоса алғанда, жеке мүлкін әкелуге және әкетуге, сондай-ақ 1996 жылғы 29 наурыздағы Экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің жеке тұлғаларының ақша аударымдарын жүзеге асыру рәсімдерін оңайлату туралы хаттамаға сәйкес ақша қаражатын аударуға құқығы бар.

## **12-бап**

Еңбекші-көшіп келушілерді зейнетақымен қамсыздандыру мәселесі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер азаматтарының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы құқықтарына кепілдіктер беру туралы 1992 жылғы 3 наурыздағы келісімімен реттеледі.

## **13-бап**

Өндірісте болған жазатайым оқиғаларды тексеру Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Тұрғылықты мемлекетінен тыс жерлерде жүрген кезде қызметкерлердің өндірістегі жазатайым оқиғаларға ұшырауын тергеудің тәртібі туралы 1994 жылғы 9 желтоқсандағы келісіміне сәйкес жүргізіледі.

## **14-бап**

Еңбекші-көшіп келушінің еңбек міндеттерін атқарумен байланысты оның денсаулығына келтірілген зиянды өтеу тәртібі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Еңбектегі міндетін атқару кезіндегі қызметкердің

жарақаттануына, кәсіптік ауруға ұшырауына немесе денсаулығының өзге де бұзылуына байланысты келтірілген залалды өтеуге деген құқығын өзара тану туралы 1994 жылғы 9 қыркүйектегі келісіміне сәйкес жүргізіледі.

#### **15-бап**

Еңбекші-көшіп келуші қайтыс болған жағдайда Жұмысқа орналастыру тарабы мемлекетінің жұмыс берушісі (жалдаушысы) мәйітті және оның жеке мүлкін Кету тарабы мемлекетінің аумағына тасымалдауды ұйымдастырады және осыған байланысты барлық шығынды көтереді, Кету тарабы мемлекетінің дипломатиялық немесе консулдық өкілдігін қайтыс болу фактісі жөніндегі материалдарды ұсына отырып, хабардар етеді.

#### **16-бап**

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану жөнінде даулар туындаған жағдайда Тараптар оны консультациялар және келіссөздер арқылы шешетін болады.

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге жеке Хаттамамен ресімделетін, осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

#### **17-бап**

Осы Келісім Тараптар мүше болып табылатын халықаралық келісімдерден туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

#### **18-бап**

1. Осы Келісімді іске асыру барысында мыналар Тараптардың уәкілетті органдары (бұдан әрі - уәкілетті органдар) болады:

Қазақстан Республикасынан - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

Қырғыз Республикасынан - Қырғыз Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қырғыз Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

2. Осы Келісімді орындаумен байланысты мәселелерді шешу үшін уәкілетті органдар бірлескен жұмыс тобын құрады, ол уәкілетті органдардың біреуінің ұсынысы бойынша отырыстарды Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасында кезек өткізеді.

3. Уәкілетті орган өзгерген жағдайда Тараптар бұл туралы дереу бір-біріне хабарлайды.

#### **19-бап**

1. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған кезден бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және тиісті кезең аяқталғанға дейін

кемінде алты ай бұрын егер Тараптардың бір де біреуі екінші Тарапқа оның қолданылуын тоқтатпақ өз ниеті туралы хабарлама жолдамаса, келесі бес жылдық кезеңге өзінен өзі ұзаратын болады.

Бішкек қаласында 2002 жылғы 9 шілде екі түпнұсқалық данада, әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтінінің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының*

*Үкіметі үшін*